

СҮМБІЛЕ

№13

15.01.08.


*Аспанда бір жұлдыз бар Сүмбіле еді,
Туғанын Сүмбіленің кім біледі?*

(халық олеңінен)



Екі айда бір рет шығатын «Сүмбіле» бетіндегі ғылыми-танымдық мақалалардың авторы жазушы-фантаст Жүніс САХИЕВ

ӨРЕКПІГЕН ӨРКЕНИЕТ



туыстармыз деп іш тартқан. Солон саяхаттап жүрсе де, мезгіл-мезгіл сол халықпен араласқан. Оның өзі айтатындай, ол ел арасында үлкен құрметке ие болған. Бірақ Солон ондай құрметке даңдайсымай ел ақсақалдарымен әңгімелесіп, елдің тарихы жөнінде қандай да бір деректер алуға тырысады. Алғашында ол өрекеттерінен ештеме шықпайтындай болып та көрінеді. Ел ақсақалдары іш тартып, сыр шаша қоймайды. Содан бір күні ақсақалдардың ортасында отырған Солон оларды әңгімеге тарту үшін өзі туып өскен қаланың өткен тарихын қысқаша айтып шығады. Тек содан соң барып оны мұқият тыңдап болған бір көрі абыз Солонға әжімді бетіндегі жанары сөнуге айналған сығырайған көздерін

қадай отырып:

- Әй, шырағым, Солон-ай, Солон-ай! – деп бастайды сөзін, – осы сөңдер, эллиндіктер, қашан болса да балалық санадан аса алмайсыңдар. Бұл өзі эллиндіктерде сананы өсіру, білімді көтеру деген болмай ма екен, тәйірі?

- Бұл не дегеніңіз, қария? Мұнымен маған не айтпақ болып отырсыз? – деп елен ете қалада Солон.

- Е, несің айтайын, сөңдердің сана-сезімдерің шын мәнінде де төмен екен... – деп көрі абыз басын қайта-қайта ізейді. – көп нәрседен бейхабар екенсіңдер ғой өзі. Айтатындарың сол баяғы өбден таптаурын болған бір тарих, бір аңыз. Ал тоғыз мың жылдан бері ауыздан-ауызға тарап келе жатқан Атлантида жайлы аңызға бергісіз әңгімені сен білмей отырсың. Ал керек десең, сөңдердің қалаларының ерлік-даңқы сонымен байланысты... Мына жарық та жылы дүние өлемін жаратқан бір құдай деп сыйынатынымыз хақ.

Адам баласы ойдан шығарған құдайлардың есімдері мен ол құдайлардың неңің иесі болып келетіні грек аңыздарынан жақсы белгілі. Атлантида аралының тарихы да сол аңыздағы құдайлардың Жер шарындағы құнарлы жерлерді өз еншіліктеріне бөлісуінен туындайды. Сонда теңіз құдайының санатына қосылатын пөсейдон құдайына сол Атлантида аралы бұйырыпты.

Сократ, тыңдап алшы, мені. Бұл аңыз қанша ғажайып болса да, жеті дананың данасы Солон айтқандай, мұның арғы жағында негіз бар. Ол өзі біздің арғы атамыз Дронидтің туысы әрі қысқа мерзімді досы болған. Оны ол өзінің өлеңдерінде де еске салып отырады. Дронид аңызды біздің атамыз Критийге айтып береді, ал шал Критий сіздің қалаңыздың соншалықты ғажайып әрі ұлы қала болғанын, енді уақыт өте келе одан ештеме қалмағанын бізге қайтадан айтып берген. Одан бергі уақытта бұл дүниеге қаншама ұрпақ келіп кетті десеңізші. Бірақ сол ұлы оқиғалардан біз сізге оны еске ала отырып, алғысымызды айтатын, оны ерекше бағалап, оған мақтанатын мәселе бар...

... мен саған өзім анау-мынау жас адамның аузынан емес, сол кезде, оның өзі айтқандай жасы тоқсанға таяған Критий ақсақалдан естігенімді айтқалы отырмын. Ол кісі тоқсанда болса, мен небір он жастағы баламын. Ол кезде бізде жыл сайын апатурилердің құрәот делінетін мүшәйрасы өтіп тұратын. Сол болып жатқан. Ал бізге, балаларға ондай үлкен мүшәйраға қатысудың өзі бір бақыт. Оған қоса мүшәйраның үшінші күні өкелеріміз бізге рапсодий оқығанымыз үшін марапаттау тағайындапты. Мүшәйраға есімдері елге белгілі көптеген ақындар қатысып, өздерінің таңдаулы деген өлеңдерін жұрт алдында дауыстап оқыды. Сол кезде әдеттегіден басқаша бір жаңалық болсын делі ме, ақындардың ішіннен біреуі суырылып алға шығып, Солонның тамаша өлеңдерін жатқа оқыды. Ал біздің достарымыздың ішіннен бөлек шыққан біреу Критийге жағымпазданғысы келді ме, Солонның ұлы дана ғана емес, ақындардың ақиығы екенін, оны өзіне пір тұтатынын айтып салды. Оны мұқият тыңдап болған Критий шал рахаттана кеңкілдей күліп алып:

- Егер де ол Аминандр дос, поэзиямен іс-істің арасында айналыспай, басқа ақындар сияқты шындап айналысып, өзі Египеттен алып келген аңыздарды өңдеген болса, сол елден қайтып оралғаннан кейін неше түрлі жала мен пәлеге душар болып, соның кесірінен поэзияны тастамағанда, менің ойымша, Гесиод та, Гомер де, ол екеуінен өзге ешбір ақын да одан даңқты бола алмас еді, – делі.

- Сонда Солонның Египеттен алып келгені не жөніндегі аңыз? – деп сұрақ қояды Аминандр Критий ақсақалға.

- Ол аты аңызға айналған ел туралы әңгіме, – деп жауап қатады Критий шал. – Ол аңыз-әңгіменің шығу тарихы былай. Египетте, Ніл өзенінің екіге жарылған тұсында Саис делінетін аймақ бар. Ол аймақтағы басты қаланың аты да Саис. Амазис патшаның өзі де сонда туып өскен екен. Ол қаланың тұрғындары египеттіктерше Нэйт, эллиндіктерше Афина есімді құдайларға табынады екен. Сол себепті де олар бір бірін афиналықтармыз,

ӨРЕКПІГЕН ӨРКЕНИЕТ



Содан посеидон өзінің сүйікті әйелінен туған ұлдарын сол аралға қоныстандырады. Ол арал теңіз жақтан қарағанда жер бетінде жоқ құнарлы топырағы мен жасыл өлемі бар ғажайып бір жер жанның болып ерекше көз тартып тұрады екен дейді ол жайлы естігендер. Сол аралдың теңіз жағындағы шетінен ертедегі жер өлшемі – стадиймен өлшегенде елу стадий болатын қашықтықта, аралдың дәл ортасында үлкен акрополь-төбе болыпты. Сол биік төбедегі әдемі үйде сол аймақтағы адам баласының алғашқы бір өкілдері Эфинор есімді ер кісі әйелі Левкиппемен бірге бақытты өмір сүріпті. Ол екеуінің өздері Клито деп есім берген әдемі де ақылды қызы болады. Бірақ ол қыз бой жете бергенде ерлі-зайыптының екеуі де түрлі себептерден дүниеден озады.

Қаңыраған бос үйде қыз жалғыз қалады. Біраз жылдар бойы небір қиындықтарды басынан кешеді. Оны сырттай байқап-барлап жүрген Посейдон бірде қызға көз салады. Қыз келісімін берген соң оған үйленіп, төбедегі жазықта тұрған үйлерін айнала қалың, биік қорған-қабырғамен қоршайды. Арал үстін үш жерден арақашықтықтарын бірдей етіп қазып, үш су шеңберін жасайды. Енді аралға сонай, алыстан көз тігіп қараған адамға ортасында төбе аралы, екі құрылық, үш су шеңбері бар ғажайып бір өрнекті көрініс ерекше әсер беретін болады. Ал оған ешбір пәлде бара алмақ емес.

Өзі құдай әрі қолынан бәрі келетін болған соң аралда қандай өзгеріс жасаймын десе де өз еркі. Посейдон содан соң төбені одан да биік етіп көтеріп, бір бүйірінен екі бұлақ суын ағызып қояды. Оның бірі мұздай, екіншісі жылы су. Сол сулардың арқасында Посейдон мен Клито құнарлы қара топыраққа көкөніс пен жеміс-жидектің небір түрін егіп, олардан лек-лек өнім алады. Осылайша тұрмыс жағдайларын түзеп алған Посейдон мен Клито Посейдонның бұрынғы дүниеден өткен әйелінен қалған бес егіз ұлын аяғына тұрғызады. Содан кейін Посейдон аралды он аймаққа бөледі. Бірінші егіздің үлкеніне марқұм анасымен бірге тұрған үй мен орталық арал төбе – акропольді береді. Ол өзінен кейінгі інілеріне аға, ақылшы әрі сол аралдың ең үлкен патшасы болады. Посейдон қалған аймақтарды одан кейінгі ұлдарына аманат етеді. Олар сол аймақтардағы қауымды басқарады, оларға өз биліктерін жүргізеді. Кейінірек Посейдон аралды ең үлкен ұлы Атластың есіміне сай Атлантида деп атайды.

Аралда Посейдонның осы ұлдары мен олардан тараған ұрпақтарының жеткен жетістіктеріне сай көптеген өзгерістер орын алып отырады. Акропольдің ішкі жағындағы кез келген адамның ізі түсе бермейтін алаңдағы Посейдон мен Клитоның шіркеулері айнала қабырғалары алтындалған биік қалың қабырға-қоршаумен қоршалады. Посейдон шіркеуінің ұзына бойы бір стадий, ені үш плетр де, биіктігі осы көлемге пропорционал келетін. Шіркеу үйі қабырғаларының бұрыш-бұрыштары алтынмен апталып, күміспен күптелген. Ішкі үлкен-үлкен бөлмелерінің төбе қабырғалары алтын, күміс және орихалка жалатылған пілсүйектерімен қапталған. Үйдің ішкі қабырғалары, жуан тіреулері мен едендері таза орихалканың өзімен өрленген. Даладай кең орталық бөлменің орта тұсында өздері үнемі табынып жүретін құдайдың алты бірдей қанатты аттар жегілген алтын күйме үстінде ат тізгіндерін өзіне қарай тарта мықтылап ұстап түрегеп тұрған алтын мүсімі орнатылған. Ол мүсінің сомдылығы мен биіктігі сондай, құдайдың басы төбе қабырғаға сәл-ақ тимей тұрған.

Шіркеудің ауласындағы қалың бақ ішіндегі алаңдарды аралды билеген патшалардың алтын мүсіндері өрленген. Олардың төңіректерінен орын алған әйел затының, он патшалықтан тараған ұрпақтардың, арал мен сырт елдерден келген кейбір атақты адамдардың мүсіндері де бақ ішін мәңгілік тірішілікке бөленгендей болып тұрған. Сол ауладағы құрбан шалатын орын да шіркеудің қасиетін арттыра түссе керек. Шіркеудің осындай құдіреттілігі сол кездегі державаның ұлы

дінгегін таныта түскендей әсерлі болған.

Төбенің бір бүйірінен ағып шығып жатқан әлгі екі бұлақтың жылы, мұздай суларын патшалықтың иелері мейлінше тиімді пайдалана білген. Тазалығы мен дәмділігі жағынан теңіз суынан мүлдем бөлек мұздай су мен жылы су ағатын арнайы арықтар бей-берекет қазылаған. Олардың белгілі бір бағыты, айналып өтетін жүйелі жолы болған. Арықтардағы мұздай су бақтағы сән үшін өсірілген түрлі ағаштарды ғана емес, жеміс ағаштары, хош иісті гүлдер мен гүлзарларды да суаруға пайдаланылған. Ал бұлақтың жылы суымен патшалар қыс айларында өздері жасатқан моншаларында жуынып-шайынған. Пайдаланылған сулар арнайы қазылған терең де ені кең арықтар арқылы аралдың ең шеткі құрылық шеңбері арқылы теңізге жіберіліп отырған. Акропольді осындай сәнге бөлеген, мәдениеттәндірген патшалар үш шеңбер құрылықты бір бірімен байланыстыратын бірнеше көпірлер салған. Орталық құрылық – акропольден аралдың ең шеткі шеңбер құрылығына дейін ені үш плетр, тереңдігі жүз фут, ұзындығы елу стадий келетін канал қазған. Оның шеңбер құрылық арқылы өтетін жерлеріндегі көпірлер мейлінше биік етілген. Олар арқылы желкені ең биік деген ірі кемелердің өздері де емін-еркін жүзіп өтіп отырған. Акропольден ең шеткі теңіз айлағына дейін кететін каналдардың бәрі де түп-түзу болған, өткелдердегі үсті ашық, жабық көпірлер де соған сай әдемі, сәнді етіліп жасалған. Олардың бәрі де биік, кеме желкендері тимейтіндей етіліп жасалған.

Теңіз суы ішкі жағында оралып, Күн сәулесіне шағылысып, ерекше бөлек көрініс беріп жататын ең үлкен үшінші шеңбер құрылықтың ені үш стадий, оның ішкі жағындағысының ені екі стадий болған. Аралды айнала қоршаған үш қорған-қабырғалар мен көпірлердің ендері бір бір плетрге тең келген. Барлық көпірлердің кіреберісінде күзетшілер тұратын қос мұнаралар бой көтерген. Өткелдердің бәрінде де екі айқара ашылып-жабылатын қалың темір қақпалар болған. Аралдағы үш шеңбер құрылықтардың шетін ала айнала жүргізілген жасанды қорған-қабырғалардың сәнділіктері сондай оған тіпті, түн мезгілінде қараған адамның да көз жауын алып тұрған. Ең шеткі шеңбер құрылықты қорған-қабырғаның іші-сыртын тұрғындар мыспен, оның ішкі жағындағы қорған-қабырғаның іші-сыртын қалайымен, ал акропольді айнала қоршап тұрған қорған-қабырғаның іші-сыртын алыстан қарағанда от шашып тұрғандай болып көрінетін орихалкамен тыстаған.

Арал патшалары орталық акропольден кейінгі екі шеңбер құрылыққа да пұтқа табынатын көптеген шіркеулер, ер адамдар білім алатын гимназиялар, аттарды бағып-баптайтын қоралар салған. Ең үлкен әрі сәнді келетін екінші шеңбер құрылықтың орта бойына құрылықты айналып жататын, ені бір стадий келетін ипподром жолын жүргізген. Онда Посейдонның ұрпақтары әркез ат жарыстарын ұйымдастырып отырған. Сол ипподром жолының екі қапталында бір бірінен белгілі арақашықтықтарда күтпеген келеңсіз жағдайларды болдырмауға кепілдік беретін қаруланған күзетшілердің үйшіктері тұрған. Ол үйшіктердегі қарауылдардың ең сенімді дегендеріне орталық аралдың шет аймақтары, ал ерекше сенімділік пен белсенділік танытқандарына акропольдің ішкі жағындағы патшалар Сарайына жақын аумақтар сеніп тапсырылған.

Арал патшалығының негізгі қарулары патша Сарайының төңірегіндегі құпия қоймаларда сақталған. Ол қарулар сырт елдерге жорық ашып, шабуыл жасауға, сырттан келіп қиліккен жаулардан қорғануға қажет еді. Осындай қорғаныстағы патшалыққа сырттан келген адам оңайлықпен кіре алмаған. Мейман әуелі әлгі қолдан тұрғызылған үш қорған-қабырғаның өткелдеріндегі үлкен де қалың темір қақпалардың екі қапталында күні-түні күзетте тұратын қарулы қарауылдардың мұқият тексерулерінен өтетін. Келген меймандарды

екінші шеңбер құрылықтағы әдемі-әдемі үйлер мен құрылықтың арғы-бергі жағалауларындағы теңіз аймақтарындағы жергілікті және жан жақтан жүзіп келген саудагерлердің ерекше бекзандірілген теңіз кемелері ерекше қызықтырған. Ол кемелердің иелерінің, жүк артып, жүк түсіріп жүрген жұмысшыларының дабырлап сөйлеген дауыстары, күлкелері мен айқайлары, теңіз кемелеріне артылып жатқан, түсіріліп жатқан тауар жәшіктерінің тарс-түрс еткен дыбыстары аралды күні-түні дыбысқа бөлеген.

Аралдың оңтүстік жағының табиғаты өзінше бір бөлек ғажайып әлем болған. Ол орманды алқаптың арғы жағында сілем-сілем таулар бой көрсетіп тұрған. Ол таулар табиғатқа тек қана әсемдік сыйламай арал тұрғындарын қақаған аязды қыста соғатын боран мен жаздың аптабында желмен келетін шаң-тозандардан қорғаған. Арал тұрғындары тау етесінде өсіп тұрған орман ағаштарын қыс айларында тек қана отқа тамызық ретінде пайдаланбай, оларды жонып, күнделікті тұрмыстарына қажетті неше түрлі ағаш бұйымдарын жасаған. Бөренелерді олар өздері арнайы қазған арналардағы сумен жүзітіп жеткізген.

Осындай бейбіт әрекеттерімен қатар атлантидалықтар әскери күштерін жасақтап, оларды кеңейтіп, күшейтіп отыруды да ұмытпаған. Ондағы әскери тертіп мейлінше қатаң болған. Сырт елдерді жаулап алуға, елді сырт жаулардан қорғауға қажетті жауынгерлерді әскер басылары ел арасынан іріктеп таңдап алып отырған. Ондай қарулы күш құрамына дала ұрыстарында жауына қарсы шабуыл жасап, оларға төктеп бере алатын, жеңіске қол жеткізуге үлес қосатын дөңсәулығы жақсы, күш-қуаты мол, мығым денелі жас жігіттер ғана қабылданған. Аралдағы өз әскери қолбасшысы бар әрбір аймақтың жауынгерлері ондаған стадий, ал барлық әскери жасақ алпыс мың стадий жерді алып жатқан. Қанша қатаң болса да әскери жасақтау кезінде аралдың таулы аймақтары мен тегістіктеріндегі өңірлерден елі мен жерін сырт жаулардан қорғауға ниет білдірген ұландардың саны қашан да есесіз болған. Іріктеу кезінде жерарамсыздық танытқандары тек өз елді-мекенін қорғайтын әскери құрамға жіберілген.

Атлантида патшалығында билік етушілердің іс-әрекеттері мен ел алдындағы жауапты істері о бастан қалыптасқан Посейдон Заңына сай жүрген. Ол Заң аралдағы барлық билікті аймақтарға қатысты болған. Заңға қарсы келген адамдар жауапқа тартылды, қажет деп табылғаны өлім жазасына кесілді. Билеушілердің өзара қарым-қатынастары мен араласуы да ата-бабаларының орихал бағанасына қашап жазып қалдырған Посейдон Заңында көрсетілген ережелге сай жүріп жатты. Ол заңдарды орындау алдында атлантидалықтар Посейдонның шіркеуіне жиналып пұтқа табынған. Ондай рәсімдер бірде бес, енді бірде алты жылда бір өтіп отырған. Олар ондай рәсім күндеріне сай келетін тақ санға да, жұп санға да бірдей құрмет көрсеткен. Патшалар шіркеу ішінде ара-тұра құпия кеңестер де өткізіп отырған. Қалған кеңестерде олар ел жағдайын қарастырып, ел ішінде қандай да бір қылмыс жасаған адам болса, оны жауапқа тартып, ісін сот кенесіне тапсырған.

Арал патшалары өз тұрғындарының ара-тұра жіберіп алған қателіктеріне рақымшылықпен қараған. Ал сырт елге өте жаугер болған. Өркеніеттері өркендеп жоғарылаған сайын жан жақтан ел жаулап, олардың байлықтарын талан-таражға салып, өздерін құл етуге деген нысансыз ниеттері күшейе берген. Олар қалың әскери жасақтармен соғыс жорығына жиі-жиі шығып, төңіректеріндегі аралдарда тұратын елдерді ғана емес, Ливиядан бастап Египетке, Еуропадан Тиранияға дейін жаулаған... Міне, Солон шырағым, атлантидалықтар осылайша тек оларды ғана емес, мына сіз бен біздің елімізді де ұястарында ұстамақ болған. Сол кезде сіздің қалаңыздың әскерлері өздерінің аса айбындылығымен, қанармандығымен оларға қарсы тұрып, қаланы қорғап қалған. Өздерінің асқан әскери ерлік-шеберліктерінің арқасында тек өз қаласын емес, сол кезінде олардың тұтқынында болған және тұтқынына түскелі тұрған елдерді де құтқарған. Сөйтіп, кейіннен сол Геракл белдемінде тұратын барлық елге азаттық өперген...

Атлантиданың сөйткен мансапқорлыққа малынып асқынған патшалығы уақыт үлкімен, бір құдайдың қаһарымен бір бақытсыз түнде аса қатты, жантүршігерлік тектоникалық жер сілкінісінен аралымен бірге су тереңіне кеткен. Сол асқындықтың залалы сіздің қалаңызға да тиген. Сілкіністен жер қақ-айырылып, қала сол түні жер бетінен ізім-ғайым болған.

(Платонның орыс тіліндегі «Тимэй» және «Критий» жазбаларынан қазақшаланды)